

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «27» маусым

Таза инвестициялық табысты салымшының жеке зейнетақы шотына үлестіру механизмі туралы

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылардың жеке зейнетақы шоттарына таза инвестициялық табысты үлестіру тәртібі мына нормативтік құжаттармен реттелген:

- 1) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 237 Қаулысы.
- 2) Зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 201 Қаулысы

БЖЗК таза инвестициялық табысты есептеуді күн сайын жүзеге асырады. Таза инвестициялық табыс салымшылардың зейнетақы жинақтарына автоматтандырылған жүйеде мынадай тәртіпте таратылады.

1. Әрбір жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары БЖЗК-ның автоматтандырылған жүйесінде теңгемен және шартты зейнетақы бірлігінде (бұдан әрі – ШЗБ) есепке алынады.

ШЗБ саны әрбір зейнетақы жарналары түскен сайын осы келіп түскен жарналар сомасын БЖЗК-дағы шартты зейнетақы бірлігіне бөлу арқылы есептеледі.

Мысалы, Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға 10 000 теңге көлемінде зейнетақы жарнасы келіп түсті делік. ШЗБ құны 632 дейтін болсақ, Сіздің шотыңызға есептелетін ШЗБ саны $10\,000 \text{ теңге} / 632 \text{ теңге} = 15,8$ ШЗБ болады.

2. Күн сайын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылардың барлық шотындағы шартты зейнетақы бірлігінің жалпы саны есептеледі.

Бұл үшін өткен күннің соңындағы ШЗБ саны ағымдағы күні қатысушылардың шотына есептелген ШЗБ қосылады.

3. Күн сайын 1 ШЗБ-ның құны мына формула бойынша айқындалады: ағымдағы күнгі таза зейнетақы активтерінің жалпы мөлшері қатысушылардың барлық шотындағы ШЗБ санына бөлінеді.

4. Зейнетақы жинақтарының сомасын анықтау үшін жеке зейнетақы шотындағы ШЗБ саны 1 ШЗБ құнына көбейтіледі.

Мысалы:

№1 ЖЗШ-да 50 ШЗБ жинақталған.

№2 ЖЗШ-да 150 ШЗБ жинақталған.

1 ШЗБ-ның құны: 01.0х.хх-ге 0,40 теңге
02.0х.хх-ге 0,38 теңге
03.0х.хх-ге 0,47 теңге

Сонда №1-ші ЖЗШ-да зейнетақы жинақтарының сомасы:

01.0х.хх-ге $50 * 0,40 = 20,0$ теңге
02.0х.хх-ге $50 * 0,38 = 19,0$ теңге
03.0х.хх-ге $50 * 0,47 = 23,5$ теңгені құрайды.

Ал инвестициялық табыс:

бірінші күн бойынша (01.0х.хх) $19 - 20 = -1$ теңгені құрайды
екінші күн бойынша (02.0х.хх) $23,5 - 19 = +4,5$ теңгені құрайды
екі күн ішінде $4,5 - 1 = +3,5$ теңге болады.

№2-ші ЖЗШ-да: 01.0х.хх-ге $150 * 0,40 = 60,0$ теңге
02.0х.хх-ге $150 * 0,38 = 57,0$ теңге
03.0х.хх-ге $150 * 0,47 = 70,5$ теңге

Инвестициялық табыс:

бірінші күн бойынша (01.0х.хх) $57 - 60 = -3$ теңгені құрайды
екінші күн бойынша (02.0х.хх) $70,5 - 57 = +13,5$ теңгені құрайды
екі күн ішінде $13,5 - 3 = +10,5$ теңге болады. .

Мысалдардан көрініп тұрғанындай, таза инвестициялық табыс құбылмалы шама. Сондықтан оны ұзақ мерзімді келешек аясында бағалаған жөн.

Осылайша, таза инвестициялық табыс әрбір шартты зейнетақы бірлігіне біркелкі үлестіріледі. Бұл ретте әрбір жеке зейнетақы шотындағы шартты зейнетақы бірліктерінің саны зейнетақы жарналары аударылып тұрған кезеңнің ұзақтығына, зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі мен тұрақты түрде аударылуына байланысты болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған шақта бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік берілген.